Г. Қ. ҚАЙДАРОВА

БУЫН ҚҰРАМЫНДАҒЫ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАСАЛЫМЫ

Дауысты-дауыссыз дыбыстардың басты айырым белгілерін сөз ете отырып, дауыстылардың анықтамасын проф. Ә. Жүнісбек былай көрсетеді: «а) дауыстыларды айтқанда дауыс желбезегі толық тербеледі; ә) дауысты дыбыстар буын құрайды; б) дауысты дыбыстар жасалғанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырамай шығады» [1, 14]. Әрине аталған белгілер лингвистика мен оқулықтарда кездеседі, тек олар шашыраңқы беріледі, бірі аталса, екіншісі аталмай қалып отырады. Тіптен дауыс желбезегінің (шымылдығының, жарғағының) қатысы көбінесе ескерілмейді. Аталған үш белгінің кешенді түрде басы біріктіріліп «Қазақ грамматикасында» алғаш берілгенін көреміз. Шындығында осы аталған белгілердің бірі болмаса онда дауысты дыбыстардың белгілері толық болмай шығады.

Аталған белгілердің біз үшін бәрі маңызды: біріншісі мен үшіншісі фонетикалық тұрғыдан маңызды, өйткені дауыстының жасалу жолын көрсетеді, ал екінші белгісі фонологиялық тұрғыдан маңызды, өйткені дауыстының тілдегі қызметін көрсетеді. Дегенмен дауыстылардың буын құрай алатын қызметі басымырақ.

Қазақ тіл біліміндегі дауысты дыбыстардың жасалым сипаттамасы жайлы пікірлер жайлы жоғарыда толық айтылды. Ондағы келген қорытындымыз дауысты дыбыстардың артикуляциясы зерттеушілердің алдына қойған мақсатына байланысты әртүрлі деңгейде және әртүрлі көлемде берілгенін байқадық.

Енді болса дауысты дыбыстардың толық сипаттамасын беруге тырыстық. Басқаша айтқанда, олардың негізгі және үстеме артикуляциясын жан-жақты сипаттап шығамыз. Себебі буын құрамындағы дауысты дыбыстарды сөз еткенде олардың барлық белгілерін жан-жақты және тұрақты қамтып отыру керек болады. Мысалы, дауысты-

лардың негізгі белгісі ретінде езулік-еріндік үлгісі ғана қамтылатын болса, олардың үстеме белгісі ретінде езуліктің ашық, қысаң және емеурін түрленімі, ал еріндіктің доғал және сүйір еріндік түрленімі қамтылады.

Дауысты дыбыстарды жүйесіне байланысты жеке-жеке сипаттаған кезде олардың арасындағы ортақ белгілер сол күйінде қайталанып отырады.

1. Жалаң дауыстылар. Тіл ауыз қуысында кейін шегініп, көмейге жақын жатады, тілдің ұшы астыңғы күрек тістен алшақ жатады (тимейді), сөйтіп тілдің ауыз қуысындағы кейін шегініп жатуынан;

- Тіл ауыз қуысында төмен жатып, жақ кең ашылады, сөйтіп тілдің ауыз қуысында төмен жатуынан;

- Ерін кең ашылып, бейтарап қалады, сөйтіп еріннің бейтарап қалуынан;

- Дауыс шымылдығы барынша тербеледі, түгелдей қатысады, дауыс шымылдығының толық тербелуінен *[а] дауысты дыбысы* жасалады.

Ендеше, *[а]* дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл арты болып, тілдің ауыз қуысындағы тік қалпына қарай ашық болып, ерін қатысына қарай езулік, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты болып жасалады.

[а] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің жүйесі:* тілдің көлденең қалпына қарай – тіл арты, тілдің тік қалпына қарай ашық, ерін қатысына қарай – езулік, дауыс шымылдығының қатысына қарай – дауысты.

[а] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің құрамы:* тіл арты, ашық, езулік, дауысты.

Артикуляциялық анықтамасы (проф. Ә. Жүнісбек үлгісі (моделі) бойынша): *[а]* дауысты дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл арты, тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай ашық, ерін бейтарап қалады, ерін қатысына қарай езулік, дауыс шымылдығы толық тербеледі, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты .

2. Тіл ауыз қуысында ілгері жылжып, қызыл иекке жақын жатады, тілдің ұшы астыңғы күрек тіске тіреліп жатады (тиеді), сөйтіп тілдің ауыз қуысындағы ілгері жылжып жатуынан;

- Тіл ауыз қуысында төмен жатып, жақ кең ашылады, сөйтіп тілдің ауыз қуысында төмен жатуынан;

- Ерін кең ашылып, бейтарап қалады, сөйтіп еріннің бейтарап қалуынан;

- Дауыс шымылдығы барынша тербеледі, түгелдей қатысады, дауыс шымылдығының толық тербелуінен *[ə] дауысты дыбысы* жасалады.

Ендеше, *[ə]* дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл алды болып, тілдің ауыз қуысындағы тік қалпына қарай ашық болып, ерін қатысына қарай езулік, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты болып жасалады.

[ə] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің жүйесі:* тілдің көлденең қалпына қарай – тіл алды, тілдің тік қалпына қарай ашық, ерін қатысына қарай – езулік, дауыс шымылдығының қатысына қарай – дауысты.

[ə] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің құрамы:* тіл алды, ашық, езулік, дауысты.

Артикуляциялық анықтамасы: *[ə]* дауысты дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл алды, тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай ашық, ерін бейтарап қалады, ерін қатысына қарай езулік, дауыс шымылдығы толық тербеледі, дауыс шымылдығының қатысына қарай – дауысты.

3. Тіл ауыз қуысында кейін шегініп, көмейге жақын жатады, тілдің ұшы астыңғы күрек тістен алшақ жатады (тимейді), сөйтіп тілдің ауыз қуысындағы кейін шегініп жатуынан;

- Тіл ауыз қуысында жоғары жатып, жақ қысаң ашылады, сөйтіп тілдің ауыз қуысында жоғары жатуынан;

- Ерін қысаң ашылып, бейтарап қалады, сөйтіп еріннің бейтарап қалуынан;

- Дауыс шымылдығы барынша тербеледі, түгелдей қатысады, дауыс шымылдығының толық тербелуінен *[ы] дауысты дыбысы* жасалады.

Ендеше, *[ы]* дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл арты болып, тілдің ауыз қуысындағы тік қалпына қарай қысаң болып, ерін қатысына қарай езулік, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты болып жасалады.

[ы] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің жүйесі:* тілдің көлденең қалпына қарай – тіл арты, тілдің тік қалпына қарай қысаң, ерін қатысына қарай – езулік, дауыс шымылдығының қатысына қарай – дауысты.

[ы] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің құрамы:* тіл арты, қысаң, езулік, дауысты.

Артикуляциялық анықтамасы: *[ы]* дауысты дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл арты, тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай қысаң, ерін бейтарап қалады, ерін қатысына қарай езулік, дауыс шымылдығы толық тербеледі, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты.

4. Тіл ауыз қуысында ілгері жылжып, қызыл иекке жақын жатады, тілдің ұшы астыңғы күрек тіске тіреліп жатады (тиеді), сөйтіп тілдің ауыз қуысындағы ілгері жылжып жатуынан;

- Тіл ауыз қуысында жоғары жатып, жақ қысаң ашылады, сөйтіп тілдің ауыз қуысында жоғары жатуынан;

- Ерін қысаң ашылып, бейтарап қалады, сөйтіп еріннің бейтарап қалуынан;

- Дауыс шымылдығы барынша тербеледі, түгелдей қатысады, дауыс шымылдығының толық тербелуінен *[і] дауысты дыбысы* жасалады.

Ендеше, *[і]* дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл алды болып, тілдің ауыз қуысындағы тік қалпына қарай қысаң болып, ерін қатысына қарай езулік, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты болып жасалады.

[і] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің жүйесі:* тілдің көлденең қалпына қарай – тіл алды, тілдің тік қалпына қарай қысаң, ерін қатысына қарай – езулік, дауыс шымылдығының қатысына қарай – дауысты.

[і] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің құрамы:* тіл алды, қысаң, езулік, дауысты.

Артикуляциялық анықтамасы: *[і]* дауысты дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл алды, тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай қысаң, ерін бейтарап қалады, ерін қатысына қарай езулік, дауыс шымылдығы толық тербеледі, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты.

5. Тіл ауыз қуысында кейін шегініп, көмейге жақын жатады, тілдің ұшы астыңғы күрек тістен алшақ жатады (тимейді), сөйтіп тілдің ауыз қуысындағы кейін шегініп жатуынан;

- Тіл ауыз қуысында жоғары жатып, жақ қысаң ашылады, сөйтіп тілдің ауыз қуысында жоғары жатуынан;

- Ерін дөңгеленіп ашылып, дөңгеленіп тұрады, сөйтіп еріннің дөңгеленіп тұруынан;

- Дауыс шымылдығы барынша тербеледі, түгелдей қатысады, дауыс шымылдығының толық тербелуінен *[ұ] дауысты дыбысы* жасалады.

Ендеше, *[ұ]* дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл арты болып, тілдің ауыз қуысындағы тік қалпына қарай қысаң болып, ерін қатысына қарай еріндік, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты болып жасалады.

[ұ] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің жүйесі:* тілдің көлденең қалпына қарай – тіл арты, тілдің тік қалпына қарай қысаң, ерін қатысына қарай – еріндік, дауыс шымылдығының қатысына қарай – дауысты.

[ұ] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің құрамы:* тіл арты, қысаң, еріндік, дауысты.

Артикуляциялық анықтамасы: *[ұ]* дауысты дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл арты ,тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай қысаң, ерін дөңгеленіп тұрады, ерін қатысына қарай еріндік, дауыс шымылдығы толық тербеледі, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты.

6. Тіл ауыз қуысында ілгері жылжып, қызыл иекке жақын жатады, тілдің ұшы астыңғы күрек тіске тіреліп жатады (тиеді), сөйтіп тілдің ауыз қуысындағы ілгері жылжып жатуынан;

- Тіл ауыз қуысында жоғары жатып, жақ қысаң ашылады, сөйтіп тілдің ауыз қуысында жоғары жатуынан;

- Ерін дөңгелене ашылып, дөңгеленіп тұрады, сөйтіп еріннің дөңгеленіп тұруынан;

- Дауыс шымылдығы барынша тербеледі, түгелдей қатысады, дауыс шымылдығының толық тербелуінен *[ү] дауысты дыбысы* жасалады.

Ендеше, *[ү]* дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл алды болып, тілдің ауыз қуысындағы тік қалпына қарай қысаң болып, ерін қатысына қарай еріндік, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты болып жасалады.

[ү] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің жүйесі:* тілдің көлденең қалпына қарай – тіл алды, тілдің тік қалпына қарай қысаң, ерін қатысына қарай – еріндік, дауыс шымылдығының қатысына қарай – дауысты.

[ү] дауысты дыбысының *артикуляциялық белгілерінің құрамы:* тіл алды, қысаң, еріндік, дауысты.

Артикуляциялық анықтамасы: [ү] дауысты дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысында ілгері

жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл алды тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай қысаң ерін дөңгеленіп тұрады, ерін қатысына қарай еріндік, дауыс шымылдығы толық тербеледі, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.

2. *Қайдарова Г.Қ.* Қазақ тіліндегі буын артикуляциясы: Филол. ғылым. канд. ... дис. автореферати. Алматы, 2006. 10-11-бб.

Резюме

Рассматривается артикуляция гласных звуков в составе слога.

Summary

This artaicle deals with the articulation of vowel sounds in syllable.